

## Ақжайық ауданы Сарытоғай ауылдық округі Жанама ауылышындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Сарытоғай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 шілдеде № 3956 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Зандарына сәйкес, Жанама ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Сарытоғай ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Сарытоғай ауылдық округі Жанама ауылышындағы кейбір көше атаулары:

- "Жаңа қоныс" көшесі – "Бейбітшілік" көшесі;
- "Жаңа құрылыш" көшесі – "Қазақстан" көшесі;
- "Гагарин" көшесі – "Республика" көшесі деп қайта аталсын.

2. Сарытоғай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Г. Андешова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

- 3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
- 4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*A. Әлжан*